

Н.Т. Шыңғысова\*<sup>1</sup> , Ж.С. Керімбек<sup>1</sup> ,

А.Б. Ашимова<sup>2</sup> , А.С. Алкожаева<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Тұран Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: nazgul.shyngysova@kaznu.edu.kz

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІН КӨРСЕТУ: МЕДИА ӘСЕРІ

Көші-қон контексінде сенімді ақпарат берудегі және қоғамдық пікір қалыптастырудағы БАҚ-тың маңызы зор. Бұқаралық ақпарат құралдарының көші-қон мәселесін жариялау деңгейі аудитория қабылдайтын ақпарат сапасына елеулі ықпал етеді, бұл өз кезегінде көші-қон мәселелерінің қоғамда қабылдануына әсерін тигізеді.

Бұл жұмыстың мақсаты – Қазақстандағы көші-қон және «қандас» тақырыбындағы бұқаралық ақпарат құралдары жарияланымдарының аудиторияға әсерін зерттеп, ықпал ету деңгейін анықтау.

Авторлар медиа әсері БАҚ ықпалының салдарын зерделеумен айналысатын зерттеу парадигмасы екендігін көрсетеді. Дегенмен бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге және қалыптасқан стереотиптерге ұзақ мерзімді әсерін концептуалдау зерттеушілерге едәуір қиындық туғызады. Ғылыми зерттеудің әдістемелік негізін құрайтын БАҚ, әлеуметтік желілер материалдарын сараптау БАҚ материалдарының көпшілігінде «қандастар» көшіндегі түйткілді мәселелер қозғалатынын, сарапшылардың пікірлері арқылы өзекті мәселелердің шешілу жолдары баяндалатынын көрсетті. Қытай мен Өзбекстандағы «қандастарға» Қазақстан туралы ақпарат жетіспейді. Қазақстандағы «қандас» балалардың тілдік, ділдік, психологиялық жағдайлары да өзекті мәселелерге толы.

Мақалада «қандас» тақырыбына байланысты деректерді жинастыру, мазмұнды талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеуге негіз болған жарияланымдар аудиторияға БАҚ әсерінің зор екендігін көрсетеді.

Зерттеу қорытындылары авторлардың көптеген материалдарға тән ортақ кемшіліктерді анықтауына мүмкіндік берді, олар – статистикалық мәліметтердің аздығы, оқиға кейіпкерінің «қандас» екендігіне көңіл бөлмеу, тарихи отанына оралған азаматтардың әлеуметтік күрделі жағдайын қозғай отырып, эмоцияға берілу, ашу-ыза туғызатын ұшқары пікірлер жариялау (әлеуметтік желі материалдарынан көп байқалады), «қандастар» туралы жағымсыз көзқарастар қалыптастыру (бұл полиция қызметкерлерінің мигранттарға күдікпен қарауына әкеліп соғады) т.б. Оқиғаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау әлеуметтік топтардың жағымсыз пікірін туғызуы мүмкін. Кейде тақырыпқа қатыссыз мәселелер төңірегінде де пікірталастар туындайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан көші-қон, атамекенге қоныс аударған «қандастар» мәселелерін БАҚ беттерінде сауатты жазу маңызды. Ақпараттық, сараптамалық материалдар терең талданып, «қандас» бейнесін жасауда кәсіби жауапкершілік пен ақпараттық объективтілік ескерілуі тиіс. Зерттеудің практикалық маңыздылығы осыдан көрінеді.

Аталмыш зерттеуге республикалық ақпараттық платформалар (Zakon.kz, Tengrinews, Vlast.kz) және мерзімді басылымдар, аймақтық ақпараттық сайттар (Qostanay.TV, Павлодар қаласы) материалдары арқау болды.

**Түйін сөздер:** медиа әсер, риторикалық талдау, миграция, БАҚ, «қандас».

N.T. Shyngyssova\*<sup>1</sup>, Zh.S. Kerimbek<sup>1</sup>, A.B. Ashimova<sup>2</sup>, A.S. Alkozhayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Turan University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: nazgul.shyngysova@kaznu.edu.kz

### Media coverage of migration issues: media effects

In the context of migration, the mass media play an important role in providing reliable information and shaping public opinion. The level of media coverage of the migration issue has a significant impact on the quality of information received by the audience, which in turn affects the perception of migration issues in society.

The aim of the article is to study the impact of media publications on the topic of migration and kandas in Kazakhstan and determine the level of their influence.

The authors point out that media influence is a research paradigm that studies the consequences it. However, conceptualizing the long-term impact of mass media on public opinion and stereotypes poses considerable challenges for researchers. Analysis of the mass media and social network materials, which form the methodological basis of scientific research, showed that in most of the media materials, pressing issues related to kandas are discussed, and the ways of solving the actual problems are presented through the opinions of experts. The linguistic, cultural and psychological conditions of kandas children in Kazakhstan are full of actual problems.

In the article, data collection, content analysis and comparison methods were used related to the kandas theme. The publications that served as the basis for the research show, that the media has a great influence on the audience.

The results of the research allowed the authors to identify the common shortcomings characteristic of many materials: they are a lack of statistical data, not paying attention to the fact, that the hero of the story is kandas, giving in to emotions, while touching on the complex social situation of citizens, who returned to their historical homeland, publishing quick opinions that cause anger (social network materials), formation of negative attitudes (this leads to suspicion of migrants by police), etc. Publicizing the incident in the media may cause negative comments from social groups. Sometimes there are situations, where discussions arise even on unrelated issues. Therefore, it is important to competently write about the issues of migration and kandas who have migrated to their homeland. Informative and expert materials should be deeply analyzed, and professional responsibility and informational objectivity should be taken into account when creating kandas image. This shows the practical importance of the research.

**Keywords:** media effects, rhetorical analysis, migration, media, kandas.

Н.Т. Шыңғысова\*<sup>1</sup>, Ж.С. Керимбек<sup>1</sup>, А.Б. Ашимова<sup>2</sup>, А.С. Алкожаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Университет Туран, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: nazgul.shyngysova@kaznu.edu.kz

### Освещение вопросов миграции в СМИ: эфффекты медиа

СМИ играют значимую роль в формировании общественного мнения по вопросам миграции. Достоверная информация, качественное обсуждение и экспертная оценка проблем данной сферы влияют на уровень восприятия темы отечественной и зарубежной аудиторией. Цель статьи – изучить алгоритмы, факторы и уровни влияния публикаций средств массовой информации Казахстана на мнение реципиентов.

Авторы указывают, что медиа эфффекты – важная парадигма коммуникативных исследований, занимающихся изучением последствий и моделей влияния СМИ. Однако концептуализация долгосрочного влияния средств массовой информации на общественное мнение и устоявшиеся стереотипы представляют серьезную проблему как для изучения реакций и пристрастий аудитории, так и для самих ученых.

Экспертиза материалов традиционных СМИ и социальных сетей, составляющих методическую основу научного исследования, показала, что в большинстве материалов затрагиваются проблемные вопросы кандасов, и далее, посредством мнений экспертов излагаются пути решения. Однако кандасам в Китае и Узбекистане не хватает информации о Казахстане. Языковое, психологическое состояние детей кандасов в Казахстане также демонстрирует широкий спектр нерешённых проблем.

В статье использованы методы сбора данных, контент-анализа, сравнения, связанные с темой репатриации и возвратной миграции. Публикации, которые послужили основой для исследования, демонстрируют высокое влияние СМИ на аудиторию. В результате исследования авторам удалось выявить общие недостатки, присущие многим материалам, в том числе: скудность статистических данных, невнимательность к тому, что герой рассказа близок по крови и происхождению, эмоциональность, затрагивающая непростое социальное положение граждан, вернувшихся на историческую родину, публикация восторженных отзывов (наиболее заметных из материалов социальных сетей), формирование негативного отношения к кандасам (что вызывает подозрительное отношение сотрудников полиции к мигрантам) и т.д. Неверное освещение определенного события в средствах массовой информации может вызвать негативное мнение общественности. Иногда возникают дискуссии, не связанные с темой кандасов, отвлекающие от корректного и этического обсуждения проблем и их решения. Авторы приходят к выводу о необходимости качественного и взвешенного обсуждения в СМИ данных вопросов, глубокого экспертного анализа, профессиональной ответственности журналистов.

**Ключевые слова:** медиаэфффекты, риторический анализ, миграция, СМИ, кандас.

## Кіріспе

БАҚ жаһандық миграция үдерісінде ерекше рөл атқарады. Белгілі бір жаңалықтар мен хабарламалардың қоғамдық пікір қалыптастыру үдерісі медиа әсер деп аталады. Медиа әсер қоғамға жаңалықтар мен ойын-сауық ақпарат құралдарының, соның ішінде фильмдердің, теледидардың, радионың, кітаптардың, журналдардың, веб-сайттардың әсер ету әдістерін көрсетеді. Бұл зерттеу мерзімді басылым жарияланымдары, веб-сайт жаңалықтары, әлеуметтік желі материалдары контекстінде БАҚ әсерін қарастырады.

Сапалы контенттер «қандастарға» қатысты саясатты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осыған орай, қазіргі таңда атамекенге оралып жатқан «қандастар» туралы БАҚ және әлеуметтік желілер материалдарының сипатын, мазмұнын талдап, ақпараттық, сараптамалық материалдардың аудиторияға әсерін сараптай келе қазақстандық БАҚ беттеріндегі «қандастар» бейнесін айқындауға тырыстық.

## Зерттеу материалдары мен әдістер

Мақалада тақырыпқа қатысты деректерді жинастыру, мазмұнды талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Бұқаралық ақпарат құралдарының әсерін зерттеудің дәстүрлі құралдарының бірі - мазмұнды талдаумен қатар риторикалық талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс медиа жарияланымдарда қолданылатын стильдерді жан-жақты қарастыруды, композицияны, метафораларды қолдануды, пайымдау құрылымын, пішінді және презентацияны қамтиды. Бұл талдау сонымен қатар мәтіндегі байқала бермейтін мағыналарды түсінуге мүмкіндік береді.

## Әдебиеттерге шолу

Репатриация этникалық, азаматтық, әлеуметтік интеграция, ұлттық және мәдени айырмашылықтар туралы дәстүрлі ұғымдарды қалыптастырады. «Қандастардың» қоғамға кірігуінде қиындықтар бар және жергілікті халық оларды шетелдіктер немесе мигранттар тобы ретінде қабылдайды (Нев, 2011). Медиа-контенттің аудиторияға әсерін түсіну арқылы журналистер зиянды стереотиптерден аулақ бола отырып, қызықты және танымдық контент жасай алады. Сайып келгенде бұл «қандастарды» жете түсінуге, эмпатияға, сондай-ақ медиа сауаттылықтың артуына ықпал етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, адамдар елдегі азшылық топтардың нақты мөлшерін үнемі асыра бағалайды (Herda, 2010). Бұл адамдар мигранттарды қауіп ретінде қабылдайтындықтан немесе олар өз пікірін ұшқары ақпараттарға негіздегендіктен болуы мүмкін. Зерттеушілер зерттеуге қатысушылар тобына өз елдеріндегі мигранттардың саны туралы ақпарат берді. Зерттеу көрсеткендей, көп елдерде (оның ішінде АҚШ пен Еуропалық Одақ елдері) аймақтағы мигранттардың нақты саны туралы ақпарат алған адамдар өз елдерінде жаңадан келгендер тым көп деп мәлімдеуге бейім емес. Екінші жағынан, бұл ақпарат берілмеген адамдарға да қатысты (Transatlantic Trends, 2014). Дегенмен, жалпы «қандастарды» бейнелеуде тек жаңалықтар мен репортаждар ғана емес, жеке тұлғаларға арналған мақалалар да рөл атқарады. Мысалы, Оңтүстік Калифорния университетіндегі Норман Лир медиа орталығы Define American-мен бірлесе отырып, иммиграция тақырыптары мен иммигрант кейіпкерлерімен айналысатын шоулардың стратегиялық тандалған үлгісін талдады. Талдауға арналған үлгі 2017-2018 жылдары (The Norman Lear Center, 2018) эфирге шыққан ең танымал 47 телешоудың 143 эпизодын қамтыды. Зерттеушілер иммигранттар мен иммиграция мәселелерінің танымал мәдениетте қалай бейнеленгенін мұқият зерттеп, оны нақты шоумен салыстырды. Бұл зерттеу ұсынылған телешоулардың сюжеттік желісімен байланысты бірқатар проблемаларды, соның ішінде әрбір нәсілдік топтағы иммигрант әйелдердің басқа кейіпкерлерге қарағанда экранды пайдалану уақыты аз екенін анықтады. Бұған қоса иммигранттар көбінесе қылмыскер немесе қоғамдағы басқа маргиналданған топтардың өкілдері ретінде шамадан тыс көрсетілді. Иммигрант кейіпкерлері көбінесе теледидарда білім деңгейі төмен болып бейнеленді.

Би-би-сидің хабарлауынша, белгілі бір топтағы адаммен болған бір жағымсыз оқиға сол топтағы барлық адамдар туралы жалпы пікірді қалыптастырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері зор екендігін ескерсек, бұл стереотипке әкеліп соғады және жаңсақ пікір туғызуы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарында адамдарды стереотиптік бейнелеу теріс түсініктер мен біржақтылыққа әкелуі мүмкін. 2005 жылы «Катрина» дауылы Парсы шығанағы жағалауына соғып, мыңдаған адамды баспанасыз қалдырған кезде ақпарат құралдары апатты америкалық нәсілдік қатынастар үшін қауіпке айналдырды.

Дауылдан кейінгі жағдайда «тонаушы» деп сипатталатын қара нәсілді адамдардың суреттері теледидардан үздіксіз көрсетіле бастады. Стереотиптер аудиторияға ұзақ мерзімді зиянды әсер етуі мүмкін. Бақылаусыз қалса, осындай стереотиптер нәсілдік кемсітушілікке әкеледі.

Алайда қоғамдағы мигранттарға қатысты жағымсыз көзқарастар үшін тек БАҚ-ты айыптау дұрыс емес. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге әсері маңызды, бірақ бұл көші-қонға деген көзқарасқа әсер ететін жалғыз фактор емес. Өзге де бірқатар факторлар бар. Елдегі экономикалық жағдай, саяси орта, мәдени айырмашылықтар миграцияға деген көзқарасқа айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан көші-қон туралы қоғамдық пікірдің қалыптасу үдерісін түсіну үшін кең ауқымды факторларды қарастыру қажет, оның ішінде ұлтшылдық мәселелері де бар. Миграция контексіндегі ұлттық тәуелділік туралы айтқанда, біз сезімнің екі түрін ажыратамыз, олар – ұлтшылдық және патриотизм. Зерттеушілер *ұлтшылдық* деңгейі жоғары адамдар өз ұлтын басқалардан жоғары деп санайтындар иммигранттарға бәсекелес ретінде қарайтынын, нәтижесінде жаңадан келгендерге теріс көзқараста болатынын көрсетті. Сонымен қатар, *патриоттық сезімі* жоғары және көбінесе өз ұлтына деген мақтаныш пен сүйіспеншілікті білдіретін адамдар өз қоғамында иммигранттарға мұндай теріс көзқарасқа бейім емес (Но, 2013). Дегенмен, патриотизмнің өзін әртүрлі жағынан қарастыруға болады: соқыр және сындарлы патриотизм, олардың арасында маңызды айырмашылықтар бар. Соқыр патриотизм әдетте өзі шыққан елге және оның саясатына сөзсіз қолдау білдіреді. Керісінше, сындарлы патриотизм елдің дамуы жолында өз ұлтын сынауға дайын болуды көрсетеді.

Қазақстанда көші-қон мәселелеріне қатысты бірнеше зерттеулер жүргізілді. Зерттеулер көрсеткендей, көші-қон ағынының негізгі түрлеріне репатриация бағдарламалары мен білім беру көші-қоны жатады. Зерттеушілер М. Негізбаева мен Е. Дудинова қазіргі көші-қон мәселелерін зерттеп, шетелдік студенттердің бейімделуінің ақпараттық факторларына назар аударды (2023). Олар «білім беру мигранттарының» бейімделу үдерісіне медиа-контенттің сезімтал инклюзиясының әсерін зерттейтін ғылыми тұжырымдаманы алға тартты. Сондай-ақ зерттеушілер жаңа білім беру тұжырымдамасына бейімделу жылдамдығы мен сапасының тұрғылықты елі, бұрынғы көші-қон тәжірибесі, географиялық

жақындығы және оқу ұзақтығы сияқты әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеді. Зерттеуші Ә. Өлжанова БАҚ-та еңбек көші-қонына қатысты мәселелердің жариялануын зерттеп, БАҚ-тағы еңбек көші-қонына сілтемелердің рейтингін, сондай-ақ Қазақстанға еңбек мигранттарының келіп-кетуі статистикасын ұсынды (Өлжанова, 2020). Автор бүгінде Қазақстанда тұратын еңбек мигранттарының нақты санын сенімді болжайтын бірде-бір сарапшы жоқ екенін, өйткені көші-қон туралы статистикалық деректерді жинау және үйлестіру жөніндегі ел саясаты олардың тіпті санын есептеуге мүмкіндік бермейтіндігін атап көрсетеді.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында диаспораның көші-қонымен айналысатын басқа мемлекеттердегі сияқты Қазақстан үкіметі де көшіп келушілер үшін өз терминін жасады. «Оралман» термині 1994 жылы ғана бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе қазақтілді газеттерде «қайтып келген» қазақтарға мемлекеттік қолдау көрсету мәселесі (немесе көп жағдайда оның жоқтығы) туралы пікірталастар басталған кезде ғана кеңінен қолданысқа енді. Бұл термин 1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» заңына енді. 2021 жылдың басында бұл термин жойылып, оның орнына «туыс, туысқан» дегенді білдіретін жаңа ««қандас»» термині енгізілді. Бұл шешімнің мақсаттарының бірі «оралман» сөзінің теріс мағынасын жою болды (бұл сөз этностық оралмандардың Қазақстан азаматы мәртебесін алғанға дейін тұруға ықтиярхаты бар уақытша мәртебесін білдіреді). Соған қарамастан, «қандастар» туралы стереотиптер әлі де өмір сүріп келеді және олардың негізгі проблемалары шешілмеген күйінде қалды. Алайда көші-қон мәселесіне қатысты заңды немесе ресми терминдерді теріс қолданудың жағдайы тек Қазақстанға ғана тән емес, басқа елдерде де кездеседі. Мәселен, Оңтүстік Кореяда басқа елдердегі корей диаспорасының немесе корей оралмандарының бір атауы жоқ. Тарихи тұрғыдан елде «гиопо» (교포/僑胞, кейде «киопо») деп те жазылады және жай «азамат» дегенді білдіреді) термині қолданылған. Бірақ бұл термин өз елінен тыс жерде өмір сүру нәтижесінде корей тамырымен байланысын жоғалтқан адамдарға қатысты теріс мағынаға ие болды. Сонымен қатар БАҚ «донпо» (동포/同胞) терминін жиі қолданады, ол Қазақстандағы



«қандас» терминіне сәйкес келеді. Сондықтан, «доншо» неғұрлым трансұлттық мағынаға ие. Ал «гиопо» таза ұлттық коннотацияға ие (Ким, 1999). Сонымен қатар Кореяда жұмыс іздеп шетелге көшіп кеткен корей текті азаматтарға қатысты *guomin* *고민/僑民* («иммигранттар» дегенді білдіреді) сияқты арнайы терминдерді де пайдаланады.

Қазақстан Парламенті Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мақұлданғаннан кейін «оралман» терминін ««қандас»» сөзіне ауыстыру мәселесі кеңінен қамтылды. Қытайдан келген қазақ, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Ауыт Мұқибек: «*“Оралман” сөзі сырттан көшіп келген этникалық қазақтар мен жергілікті тұрғындарды бөліп тұрады. Қоғамда “оралман” дегенді бір әлеуметтік топ ретінде, шеттен келген қазақтарды жалқау, сұраншақ қылып көрсетуге тырысты. Бұл белгілі дәрежеде халыққа ықпал етті. “Оралман” десе бір масыл адамдар келген секілді ұғымдар қалыптаса бастады. Бұл – бір. Екіншіден, “оралман” деген сөздің өзі адамдарды жақындататын емес, керісінше алыстататын сияқты болып сезілді. Сондықтан мұны өзгертуге тура келді. Және бір қызығы, ақпарат құралдары өзінен өзі “оралман” атауынан жеріп, соңғы уақыттары “қандастар” деп қолдана бастады. Демек, “қандас” сөзі шеттен келген ағайынның заңды атауы болып, өзінен-өзі қалыптасып кетті» (Лаханұлы, 2019).*

Ал журналист Сәкен Сыбанбай «оралман» терминін дұрыс деген көзқарас білдіреді: «*“Оралман” – сәтті қолданған атау. “Репатриант” деген сөз бар. Мағынасы – “тарихи отанына оралушы”. Қазақтар 1997 жылғы “Көші-қон туралы заңда” осы терминді “оралман” деп қазақшалады. Қазақстанға оралған қазақ Қазақстан азаматы атанып, төлқұжатын алғанша “оралман” (репатриант) болады. Қалай Қазақстан азаматы болып, қолына көк төлқұжат тиеді, бірден “оралман” статусынан айырылып, Қазақстандағы қазақтың біріне айналып шыға келеді. Яғни, уақытша статус. Ал “қандас” деп алсақ, тарихи отанына көшіп келуші қазақ тек Қазақстан азаматтығын алғанша қандас та, алғаннан кейін қандас болмай қала ма? Шеттен көшіп келгендер де, Қазақстанда туып-өскендер де қандас қой» (Лаханұлы, 2019).*

Зерттеушілердің пікірінше, терминдер мен атаулар ұғымдарға арналған белгілер ғана емес. Сондықтан есімдерді атау, таңу және қабылдау маңызды процесс. Сонымен қатар, осы мәселеге қатысты көптеген БАҚ-та жарияланған жаңа заң жобасының қабылдануы оралмандардың қоғамдағы имиджін жай ғана өзгертуге ғана емес, сонымен бірге «этникалық оралмандарға қолайлы жағдай жасау сияқты салалардағы көші-қон заңнамасын жетілдіруге бағытталған» деп атап өтті. «Қазақстанға келген мигранттар ел экономикасының қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қолайлы инвестициялық ахуал жасауға бағытталған сыртқы еңбек көші-қонының тиімді жүйесін құруға ықпал етеді» (Vlast.kz, 2023).

Қазақстандағы ««қандастар» немесе «мигранттар» тақырыбына арналған іздеу жүйесінен елге қанша мигрант келгені туралы ақпараттар жиі көрініс табады. («Жыл басынан бері Қазақстанға қанша «қандастар» оралды?» (Tengrinews.kz, 2023); «2023 жылдың басынан бері 3000-нан астам этникалық қазаққа «қандас» мәртебесі берілді» (Басарова, 2023). Бұндай жаңалықтардың ақпараттық сипаты басым, мигранттар мәселесі терең қозғалмайды.

Алайда мигранттар мен «қандастар» туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудың тағы бір маңызды факторы олардың эмиграция себептерін терең түсінуге байланысты. Құқықтық базаға немесе керісінше, мемлекеттік қолдауға қарамастан мигранттар әртүрлі себептермен қоныс аудару туралы шешім қабылдауы мүмкін. Оларға саяси, экономикалық немесе әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы, сонымен қатар отбасылық және басқа да жеке мәселелер себеп болады. Мысалы, «Балалар үшін көшті», «Шыңжаңнан келген оралмандар «қайта тәрбиелеу лагерлері» туралы айтудан бас тартады» тақырыптарымен берілген мақалаларда сұқбат берушілер Қазақстанға көшудің негізгі себебін Шыңжаңдағы қазақ тілді мектептердің 2017 жылдан бері толығымен жабылумен түсіндіреді. Дегенмен автордың өзі саяси себептерге тоқталып, «құқық қорғаушылардың айтуынша, Қытайдағы жүздеген мың, бәлкім миллиондаған жабық мекемелердегі тұтқындар азаптауға ұшырайды. Этникалық ерекшеліктері мен діни нанымдарынан бас тартуға мәжбүр, олар мәжбүрлі еңбекке тартылуда, медициналық эксперименттерге ұшырауда», - дейді (Лаханұлы, 2022). «Азаттық» радиосы 2021 жылы тәліптер кезінде қазақ диаспорасы өкілдерінің

Ауғанстаннан оралуын да белсенді түрде жазды. «Туыстары жылап, алып кетуді сұрайды. Көмек сұрайтын ауған қазақтары көбейіп барады» деген мақалада «Ауғанстаннан әр жылдары Қазақстанға қоныс аударған оралмандардың «Азаттық» редакциясына хабарласып, сол елде қалған туыстары туралы хабарлағаны баяндалады. Олар Қазақстан билігіне тарихи отандарына көшіруге шақырып жүрген жүзден астам этникалық қазақтардың аты-жөнінің тізімін тапсырды» (Лаханұлы, 2021).

Бірақ көшудің себептері тек жағымсыз мәселелерге ғана байланысты емес. «Tengrinews» ақпараттық порталы «Олар балаларының болашағын ойлап көшті. Түркіменстан қазақтары Павлодар облысына келді» деген тақырыппен мақала жариялап, жаңадан келгендердің жағымды фотосуреттері мен эмоцияға толы мәлімдемелерімен бөлісті. Мақалада сонымен қатар Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті мамандарының пікірі берілген: «Енді жергілікті биліктің мақсаты - оларды баспанамен қамтамасыз ету және жұмысқа орналасуға көмектесу. Облыста қоныс аударушыларға қолдау көрсету картасы әзірленді. Төлемнің көлемі 70 АЕК. Бұл бір адамға 200 мың теңгеден асады. Барлығы отбасы мүшелерінің құрамына байланысты. Егер отбасында бес адамнан көп болса, бұл сома бір отбасына қомақты қаржы. Біз олар тұрғылықты жерін өзі таңдап, анықтай алатындай жүйеде жұмыс істейміз». Сонымен қатар Түркіменстаннан көшіп келген этникалық қазақтардың көпшілігінің жұмысшы және техникалық мамандықтары бар екені, елімізде мыңнан астам жұмыс орны бар екені баса айтылды.

Көріп отырғанымыздай, «Azattyk Radio» және «Tengrinews» ақпараттық порталдарындағы тақырыптар бірдей болғанымен, Қазақстанға әртүрлі елдерден қоныс аударған адамдардың тағдырлары әр түрлі. «Қандастарды» көшіру мәселелері мен себептерін жан-жақты көрсеткен.

«Қандас» бейнесінің қазақстандық бұқаралық мәдениеттегі ең жарқын үлгісін 2016 жылы режиссер Сәбит Құрманбеков түсірген «Оралман» фильмінде көрсетті. Фильм 1930 жылдары аймақтан көшіп кетуге мәжбүр болған Ауғанстандағы қазақ отбасының қиынқыстау жолы, мәдени айырмашылықтары, орын алған қақтығыстар және жаңа қоғамнан өз орнын іздеуі... Қазақстандағы күрделі бейімделу үдерісін баяндайтын «Оралман» фильмі Тегеранда өткен 35-ші «Фаджр» халықаралық

кинофестивалінде «Ең үздік Азия фильмі» жүлдесін және 2017 жылы Германияда өткен Мангейм-Хайдельберг халықаралық кинофестивалінде «Үздік жетістік» арнайы жүлдесін жеңіп алды. Дегенмен халықаралық және қазақстандық көрермендердің фильм туралы оң пікіріне қарамастан, бұл тақырып бойынша басқа жобаларды ынталандыра қоймады.

Заманауи БАҚ-тағы «қандастар» тақырыбындағы бұл олқылықты мерзімді баспасөз ішінара толтырады. Мысалы, QMonitor интернет-басылымы белгілі бір маңызды тұлғаларға арналған «Қазақстандағы ең атақты оралмандар кімдер?» деген мақалалар топтамасын жариялады. Онда өз заманында Қазақстанға қоныс аударған қазақтың атақты қайраткерлері туралы әңгімелейді. Автор Фарид Шәріпова, Қабдеш Жұмаділов, Халифа Алтай, Мұстафа Өзтүрік, Қанат Ислам, Майра Мұхамедқызы және Зардыхан Қинаятұлы сынды танымал тұлғалардың өмірбаянын суреттейді. Қазақстанда еліміздің мәдениетіне, саясатына, экономикасына үлес қосқан атақты оралмандар аз емес. Сондай-ақ автор мақаланың кіріспе бөлігінде ««қандас» пен «оралман» терминдерінің айырмашылығына тоқталады: *«Тарихи отанына оралғандарға қатысты соңғы кезде ресми түрде қолданылып жүрген «қандас» сөзі «бір ағайынды», «туысқан» дегенді білдіреді. Ол қай жерде тұрып жатқанына және азаматтығын ауыстырғысы келетін-келмейтініне қарамастан барлық қазақтарға қатысты. Сондықтан, арнайы оралмандар туралы сөз қозғалғанда, кейбіреулер сауатсыз деп есептеген «оралман» сөзі орындырақ көрінеді. Ал, ұсынып отырған басылымның қаһармандары – өз заманында жат елден ата-бабасының жеріне қоныс аударған қазақтың ең атақты тұлғалары дәл осылай аталса керек»* (Жанабергген, 2022).

Танымал және табысты иммигранттар туралы жарияланымдар бұрыннан қалыптасқан стереотиптерді бұзуға көмектеседі. Әйгілі иммигранттар көбінесе табандылық, төзімділік және қажырлы еңбектің үлгісі, олар өзгелерді қиындықты жеңуге шабыттандырады, ынталандырады. Көптеген иммигранттар ғылым, технология, медицина, өнер және саясат салаларына елеулі үлес қосты. Олардың жетістіктерімен танысу арқылы аудитория иммигранттардың өздері бір бөлігі болып табылатын қоғамға оң әсерін нақты мысалдар арқылы бағалауға мүмкіндік алады. Танымал

иммигранттар кездескен қиындықтарды атап, жеңу жолдарын көрсету иммигранттар қауымдастығындағы ұқсас қиындықтарға тап болған өзгелерге жанашырлық, қамқорлықты арттыра түседі.

«Қазақстандық саясатта биік белестерді бағындырған кеңестік дәуірдегі «оралмандар»» деген тақырыппен берілген мақалада бұрынғы Ішкі істер министрі Қайырбек Сүлейменов, бұрынғы Әділет министрі Нағашыбай Шәйкенов, вице-премьер Балташ Тұрсымбаев, саясаткерлер Ғазиз Алдамжаров сынды мемлекет қайраткерлері және шенеуніктер туралы айтылады. Дегенмен, бұл басылымда мақала атауында «оралман» деген термин болғанымен, қайраткерлердің барлығы кеңестік кезеңде дүниеге келгенін ескерген жөн. Олардың шыққан жері қазіргі Ресей территориясы. Қайырбек Сүлейменов Қазақстанға 1970 жылдардың ортасында, Нағашыбай Шайкенов тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары көшіп келді. Кеңестік дәуірде бұрынғы одақтас республикалар территориясында туып, тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанға қоныс аударған қазақтар этникалық қазақ па, ол жағы даулы мәселе. «Советтік оралмандар: КСРО Қытайдағы қазақтарды қалай қайтарды?» деген мақалада да «оралмандар» термині қолданылады. Мақалада 1920-1930 жылдар аралығында күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін салдарынан Қазақстанды тастап, қазақ халқының басым көпшілігінің өзін-өзі құртуына әкеліп соқтырған көшіп-қонушылардың тарихы баяндалады. Сондай-ақ Кеңес Одағы кезінде Қытайдан оралғандардың екі толқынының себебін көрсетеді, ол жақтан кемінде 220 мың адам көшіп келген, оның ішінде мигранттардың төрттен үші қазақтар болған. Мақала тақырыбындағы «оралман» сөзі көпшіліктің назарын аударады (Байқожа, 2022).

Осылайша «қандастың» табысқа жету тарихын көрсету қоғамға сәтті интеграцияланудың жақсы үлгісі және қоғам үшін де, жаңа келген мигранттар үшін де заманауи қоғамдағы үйлесімді өмір сүру бейнесі. Екінші жағынан, БАҚ жарияланымдары теріс әсер етуі мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарында иммигранттар туралы жағымсыз көріністер теріс пікірді күшейтіп, иммигранттарға қарсы саясатты қолдаумен қатар, әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы кемсітушілікті күшейтуі мүмкін. Бұған мысал ретінде «Алматыда «қандас» қаржы пирамидасын ұйымдастырды деген күдікке

ілікті» (Kazakhstan Today, 2022) атты мақаланы келтіруге болады. Хабарламада Алматыда қаржылық пирамида схемасының негізін қалаушылар ұсталды, оның схемасы бойынша халықаралық компания атынан әрекет етіп, капиталды көбейтудің түрлі мүмкіндіктері туралы хабарландырулар орналастырып, азаматтарға криптовалютаға инвестиция салуды ұсынған. Бұл жағдай, өкінішке орай, қазіргі қылмыстық тәжірибеде жиі кездесетініне қарамастан жазбада қылмыскерлердің шығу тегіне баса назар аударылады: *«Ұсталған төрт адамның барлығы Қытай Халық Республикасының тумасы, олардың екеуі «қандас» мәртебесінде Қазақстан азаматтығын алған, тағы екеуінің Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты бар»*, – деп хабарлайды Polisia.kz.

Жаңалықтарды ұсынуудағы ұқсас әдісті «Полицейлер Алматыдағы аяусыз зорлаудың егжей-тегжейін анықтады» (Zakon.kz) деген мақаладан көруге болады: *«Жақында #НеМолчи қоры Алматыдағы пәтерлердің бірінде әйелдің жәбір көргені туралы айтты. Жәбірленушінің досы оның телефонына барлығын түсіріп алған. Бүгін Алматы полициясының басшысы оқиғаға қатысты түсініктеме берді: “Күдікті ұсталды. Соттың санкциясымен ол қамауға алынды. Қазір барлық сараптамалар жүргізілді»* (Әзімжанова, 2020 ж.).

Көріп отырғанымыздай, бұл істегі жәбірленушінің «қандас» екендігіне мән берілмейді. Қылмыстық оқиғалардағы иммигранттардың жиі аталуы БАҚ аудиториясына ықпал етуі мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарында маргиналданған топ мүшелерінің (бұл жағдайдан «қандастар» мен мигранттардың басқа санаттары) көрсетілу тәсілі аудитория арасындағы стереотиптер деңгейіне әсер етеді деген пікір зерттеушілер арасында кең таралған.

Көші-қон мәселесі қоғамдық пікірге әсер ететіндіктен, бұқаралық ақпарат құралдарының осы мәселелерді қалай қозғайтынын анықтау маңызды. Мысалы. «Көші-қон серпілістері. Қазақстанға келушілер көп, кетушілер аз» деген мақалада көші-қон балансы мәселесі қарастырылған (Маханов, 2023): *“2022 жылы Қазақстаннан басқа елдерге тұрақты тұру үшін өткен жылмен салыстырғанда төрттен біріне аз адам кеткен, ал біздің елге келгендер саны 2021 жылмен салыстырғанда бір жарым есеге жуық өсті»*.

2022 жылы олардың саны 17 293 болды, бұл 10 жылдық кезеңдегі ең жоғары көрсеткіш. Жаңадан



келгендердің басым бөлігі Өзбекстан (6544) және Ресей (5867) сияқты елдерден келген. Бұл соңғы 11 жылдағы Ресей Федерациясынан келген мигранттардың ең көп саны болды. Келгендердің этникалық құрамын бағаласақ, Өзбекстаннан келгендердің басым бөлігі «қандастар» болса, Ресейден келген мигранттардың үштен екісі этникалық орыстар. Мигранттардың этникалық құрамындағы мұндай өзгерістердің негізгі себебі Ресей әскерінің Украинаға басып кіруі, одан кейін экономикалық санкциялар мен елдің ішінара халықаралық оқшаулануы деп аталады.

Өз кезегінде «Мал шаруашылығы және өзара көмек: Қазақстанның оңтүстік-шығысында «қандастар» не істейді?» мақаласы (Vlast.kz) «қандастардың» бейімделу және жұмысқа орналасу мәселелерін талқылайды: *«Диаспоралардан этникалық қазақтарды шақыру бойынша мемлекеттік бағдарламалар 1990 жылдан бері бар. Олар әртүрлі формада, соның ішінде мемлекеттік квоталарды бөлуде. Дегенмен, этникалық оралмандардың, әсіресе бұрынғы кеңестік елдерден тыс «қандастардың» әлеуметтік бейімделуі тарихи отанының орыстiлді болуы айтарлықтай қиындықтар туғызуда»* (Мұқанова, 2023). Автор әртүрлі бейімделу стратегияларын сипаттайды. Бұл стратегиялар туыстық және рулық принциптерге негізделген белгілі бір экономикалық саланы қамтуы мүмкін. Оның себебін ресми бюрократиялық іс-қағаздардың көп көлемі орыс тілінде жүргізілгендігімен түсіндіреді. Бұл орыс тілін меңгеруде қиындықтарға тап болған этникалық қазақтар арасында белгілі бір қиындықтар туғызды. Қытайдан келген «қандастардың» көпшілігі қазақ тілінде сөйлегенімен кириллицамен таныс емес. Мемлекет тарапынан қолдаудың төмен жағдайында оларға қолжетімді экономикалық ортаны тауып, бейімделу қажет болады. Әдетте, бұл орта мал шаруашылығы болып табылады, «қандастар» қауымдастығы Қазақстанның қатал климаты мен жер бедеріне қолайлы мал өсірудің бірегей технологиялары мен әдістерін әзірледі. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан мал шаруашылығы саласын қолдау және дамыту мақсатында түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Көптеген иммигранттар бұл бағдарламалардың пайдасын көрді, бұл оларға малды асылдандыруға, мал шаруашылығы саласындағы табыстарын арттыруға көмектесті.

«Қандастар» мәселесі аса өзекті, әрі әлеуметтік желіде де кеңінен талқыланады.

Фейсбуктегі «Дүниежүзі қазақ «қандастары» тобы Dalanews.kz ақпарат агенттігіне тиесілі.

19 қаңтарда Ғалымжан Жакибаев деген топ қатысушысы мынадай жазба қалдырыпты: *«Алматыда дүрбелең басталғанда нан болмай қалды ғой. Сол кезде көрші тұратын тандырышы тәжіктер пісірген нанының жартысын кәрі-құртаңға, бала жетектеген келіншектерге тегін беріпті. Соны естігенде риза болдым. Өздері де Қазақстанда жетіскеннен жүрген жоқ. Оны көрген бір қазақ жігіті сол тегін берген нанның ақысы деп тәжіктерге 100 доллар ұстатып кеткен екен сонда. Міне, мәрттік. Митинг туралы жазғанда, осындай нәрселерді де жазып қойған дұрыс»* (Ғ.Жакибаев, Facebook). 3600 қолданушы лайк басқан постқа 403 комментарий жазылды. Олардың басым көпшілігі осындай посттар көбірек болса, жер бетінде мейірімділік, бірлік, татулық салтанат құрар еді деген мағынада.

«Sputnik» сайтындағы Ауғанстаннан келген қазақтардың жағдайы туралы ақпараттар жоғарыдағы пост авторының жазбасына мүлдем кереғар. Мәселен, Ақмола облысына Ауғанстаннан келген этникалық қазақ отбасыларын күтіп алып, оларға баспана мен жұмыс дайындап қойған. Олар елдегі бейбіт өмір мен қонақжайлыққа дән риза. *«Біз Иранда, содан кейін Пәкістан мен Ауғанстанда 32 жыл тұрдық. Тұрақсыз саяси жағдайға байланысты көшіп жүрдік. Ол жақта жағдай күрделі, қорқынышты. Өмір сүру мүмкін емес, тәлібтер қысым көрсетеді, өзімізді еркін сезінген жоқпыз, өміріміз үшін қорықтық. Ол жақта әлі де көп қазақ бар, оларға жаным ашиды және олар да қауіпсіздікте, тарихи отанында болғанын тілеймін. Қазір бейбітшіліктің, қарудың болмауы қаншалықты маңызды екенін түсіндік. Үйге келген кезде балаларыңның болашағы үшін қорықпау маңызды»*, – дейді 50 жастағы Шир Әли Озбаки (Ауғанстанда көп қазақ қалды. sputnik.kz).

2021 жылдың қорытындысы бойынша 17 540 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, «қандас» мәртебесін алған. Олардың 76.2 пайызы Өзбекстаннан келген (Атажұртқа оралған қандастар қай жерге орналасты? sputnik.kz)

Солтүстік Қазақстанға Ираннан көшіп келген этникалық қазақтар биліктен көмек сұрап жатыр. Себебі оларға берілген үйлердің сапасы сын көтермейді. Күздің қара суығында жағарға көмір таппай қиналып отыр (Ираннан Қазақстанның солтүстігіне қоныс аударған қандастар көмек сұрап жатыр. sputnik.kz).



Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстанның әртүрлі өңірінде «қандастарға» әртүрлі жағдай жасалады.

2012 жылы сол кездегі қала әкімі Ахметжан Есімов Оңтүстік астанада 28 мың шетелдік тұратынын, олардың 22 мыңы Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстаннан келгенін тілге тиек етті. Еңбек мигранттарының ақша табу мақсатын көздеп келетіндігін, көбінесе маусымдық жұмыстар атқаратындығын айта келіп, еліміздегі қылмыстың 50 пайызын солар жасап, үлкен проблема туғызып отырғандығын айтты. Оның себептерін де атап өтті, яғни, үлкен қалаға келіп, әдемі мейрамханаларды, түнгі клубтар мен дүкендерді көреді, алайда ақшалары жоқ, тұратын жерлері де жоқ. Сондықтан олар ұсақ ұрлық-қарлықпен айналысып, адам өлтіруге дейін барады, бұл көші-қон полициялары үшін үлкен жұмыс», – деді экс-әкім (zakon.kz). Осыған орай Factcheck.kz зерттеу жүргізіп, ҚР Бас прокуратурасының мәліметтерін келтіреді. 2017 жылы тіркелген қылмыстық істердің 2,8%-дан аспайтын бөлігі ғана шет елдіктердің қолымен жасалғандығын айтады. *«Егер де осы қылмыстардың құрылымын қарасақ, бұл қылмыстардың 25%-ы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту, заңсыз миграция ұйымдастыру және шығарып жіберу туралы шешімді орындамау деген баптарға сәйкес келеді»*, – дейді (factcheck.kz). Расында да полиция қызметкерлерінің мигранттарға күдікпен қарауы, мигранттарға қатысты соттардың тым қатаң әрі әділетсіз болуы осындай пікірлердің тууына әкелетіндігі даусыз.

Қазақстанда еңбек мигранттары туралы статистика толық емес. Себебі Қазақстанға Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан заңсыз әрі уақытша келіп, жекеменшік құрылыс нысандарында жалданып жұмыс істейтін мигранттар бар. Сондықтан олар ресми статистикаға енбейді. Бұл жерде адам саудасы, мәжбүрлі еңбек туралы үлкен мәселе туындайды. Жоғарыдағы айтылған 2,8 пайыз қылмыстың себебі де осыдан келіп шығады. Себебі, мәжбүрлі еңбекке жартымды ақы төленбейді. Сондықтан осындай күйге түскен мигранттар ұсақ-түйек қылмыстарға барады.

Миграция жөніндегі халықаралық ұйымның Қазақстандағы және Орталық Азия аймағындағы үйлестірушісі Деян Кесерович Жер шарының әрбір жетінші тұрғыны мигрант екенін, ал Орталық Азияда әрбір төртінші адам мигрант екенін айтады. (factcheck.kz).

2019 жылы «Оралмандар сатқын ба?», – деген пост жарияланды, онда YouTube желісіндегі осы тақырыптағы бейнематериалға сілтеме берілген (бейнежазбаны өшіріп тастаған – авт.) Постқа жазылған комментарийлердің басым бөлігі агрессияға толы, авторды екіжүзді, іріткі салыр отыр деп кіналайды (Оралмандар сатқын ба? Facebook).

«Шетелдегі «қандас» қазақ баласын Қазақстанға қалай тарта аламыз?» деген өзекті тақырып «Білім талқы» бағдарламасында қозғалып, «қандастардың» Қазақстанда білім алуындағы тиімділіктер, «қандастар дайындық бөліміне оқуға қалай түсе алады? «қандастар» магистратура, докторантура гранттарына түсе ала ма? Азаматтық алу мүмкіндігі қандай? Университет жанындағы дайындық курстардың сапасы мен жұмыс деңгейі қандай?» - деген сұрақтарға жауап ізделді. Бағдарламаға Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мүшелері қатысты. Бағдарламада «Отандастар қоры» өкілдерінің осы бағдарламаға келмегені, Қазақстанда 24 дайындық бөлімі болғандығы, қазір соның 9-ы ғана жұмыс істейтіндігі айтылған. Қазақстанда көптеген ұйымдар ашылып-жабылып қалды. Қордаланған мәселе өте көп. Ең басты мәселе – «қандастарға» ақпарат жетіспейді. Интернетте ақпарат жоқ. Бағдарламада шеттен келген «қандас» балалардың тілдік, ділдік, психологиялық жағдайлары да қозғалды. Бағдарлама кейіпкері «Моңғолия мен Қытайға жақсы көңіл бөліп отырмыз, ал іргемізде отырған 5-7 миллионға жуық қазақтар тұратын Өзбекстанға дұрыс көңіл бөлмей отырмыз» – дей келе, Өзбекстандағы қазақ жастары үшін ақпараттың мүлдем жабық екендігін тілге тиек етеді. Бұл туралы дайындық бөлімінде оқыған студент Қазақстан туралы бір сөз айтылмайтындығын, оқытылмайтындығын, ешқандай әдебиеттің жоқтығын айтқан (Шетелдегі қандас, YouTube).

Бүгінгідей толассыз ақпараттар заманында Өзбекстандағы қазақ жастарының элеуметтік желілер арқылы да Қазақстан туралы ақпарат ала алмайтыны таңғаларлық жайт. Жылына Өзбекстаннан еліміздегі дайындық курстарына 1-2 бала ғана қабылданады екен. Еліміздегі дайындық бөлімдерінде оқитын жастардың басым бөлігі Моңғолия, Қытай, Өзбекстаннан келген. Олар қазақ тілін жақсы білмейді. Сондықтан, дайындық бөлімдеріндегі оқу бағдарламаларын жетілдіріп, күшейту қажет. Жоғары оқу орындары шетелдегі қазақ балаларын тартуда ынталандыратын шаралар ұйымдастырып, белсенді

жұмыс істеуі қажет. Өзбекстанда филиалдар, орталықтар бар. Бірақ олармен тікелей барып-келіп жұмыс істеу үшін қаржы тапшылығы да кедергі деген пікірді алға тартты. 2000 жылдардың басында дайындық курстарына өте көп бала келетін. Қазір неге аз? Себебі Қытайда Қазақстанның интернеті жабық, Өзбекстанда да дәл солай.

Қазақстан этникалық тұрғыдан әр алуан, 100-ден астам түрлі этникалық топтар тұрады. «Қандастар» мен өзге де мигранттардың көбеюі Қазақстан үшін ұлттық бірегейлік дилеммасын тудырды, ұлттың таза болмысын айқындап, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған стратегиялар жүзеге асырыла бастады. Бұл тек мәдени іс-шаралармен ғана шектелмейді, Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңға мемлекеттік тілді, Қазақстан тарихы мен ұлттық заңнаманың негіздерін білу баптары енгізіледі. «Қазақстан дилеммасы» басылымында осындай сауалдар қойылған: «Этникалық және азаматтық сәйкестік моделі арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтау керек?» (Sabar.Asia). Автор Қазақстанда біртұтас ұлттық бірегейлік саясатының жоқтығын баса айтады. Сонымен қатар, қазақ тілінің талабы үкіметтің этникалық құрамды күшейтуге тырысып жатқанын көрсетеді, бұл тепе-теңдікті этноцентристік үлгіге ауыстыруы мүмкін (Тәкенов, 2023). Мақалада көші-қон мәселелерімен қатар әлеуетті сепаратизм аясында жиі қабылданатын қос азаматтық мәселесі де қарастырылған. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қос азаматтық мәселесі елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретінін мәлімдеді. Ішкі істер министрлігінің статистикасы бойынша, 2015-2021 жылдар аралығында 90 мыңнан астам қос азаматтық фактісі тіркелген, оның 85 мыңнан астамы Ресей азаматтары. Бұл көрсеткіштерді Қазақстанның әр өңірі бойынша бөліп қарасақ, қос азаматтығы барлардың басым бөлігі Ресеймен шекаралас аймақтарда тұратыны белгілі болды.

Ұсынылған түзетулерге қатысты өзекті мәселелердің бірі – қазақстандық ұлттық бірегейлік мәселесі. Соңғы 30 жылда үкімет ұлттық бірегейліктің этникалық және азаматтық үлгілерін сәтті теңестірді. Қазақстанда азаматтардың әртүрлі санаттары үшін азаматтық алудың жеделдетілген тәртібі қарастырылған. «Қандас» студенттер мен елде білім алып жатқан шетел ұлты азаматтық алу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, Қазақстан белгілі ережелер

мен талаптарды сақтай отырып, халықаралық шарттарға сәйкес Ресей, Беларусь, Қырғызстан және басқа да бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің азаматтарына жеделдетілген азаматтық береді. Қазақстан заңнамасына ұсынылып отырған түзетулер елдің ұлттық бірегейлігін күшейтуге қарай өзгерту мүмкіндігін көрсетеді. Қазақ тілі жоғары мәртебеге ие болуы мүмкін, ал тілді білу талабы сепаратизммен күресудің қосымша тетігі болуы мүмкін. Бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары үшін, әсіресе олардың туыстары қазақ болған жағдайда, Қазақстан азаматтығын алу салыстырмалы түрде оңай болатын. Дегенмен, енді олар қазақ тілі, тарих және заңнама пәндерінен емтихан тапсыруы тиіс. Мәселен, Қазақстан азаматтығын алғысы келетін Ресей немесе Қырғызстан азаматтары қазақ тілі мен тарихын білу бойынша емтихан тапсырады. Бұл заңды түрде жойылмаса да, жеделдетілген азаматтық туралы баптың күшін жою мүмкіндігін көрсетеді.

Сондай-ақ мигранттардың өздеріне қатысты медиа-контентке қалай қол жеткізіп, қабылдап, бөлісетінін зерттеу маңызды. Бұл мигранттардың бастан кешірген оқиғаларын баяндап, стереотиптерге қарсы тұру тәжірибесін бөлісуге, мигранттар мен қабылдаушы қауымдастықтар арасындағы мәдени алмасу мен өзара түсіністікке ықпал етеді. Ресми деректерге сәйкес, елімізде өзбек, украин, ұйғыр, түрік, корей, неміс және басқа да тілдерді қоса алғанда 12 тілде ақпарат тарататын 52 этникалық БАҚ бар. Олардың қатарында түріктің «Ахиска» газеті, корейлік «Корё ильбо» апталығы, немістің «Дойче Альгемайне цайтунг» газеті, ұйғыр тілінде шығатын «Ұйғыр Авази» қоғамдық-саяси газеті сияқты мерзімді басылымдар бар. Бұл басылымдардың көпшілігінің тарихы тереңнен бастау алады, мысалы, «Уйгур Авази» 1957 жылдан бері басылып келеді, ал «Корё Ильбо» газеті КСРО-ның Қиыр Шығысында 1923 жылы құрылған. Этникалық мерзімді басылымдардың басты мақсаты – Қазақстандағы әртүрлі этностардың мәдени және тілдік ерекшелігін сақтау, бірақ олар кейде елдегі иммигранттар қауымы үшін медиа алаң ретінде де әрекет ете алады.

### Қорытынды

Көші-қон мәселелеріне БАҚ әсерін зерттеу аса маңызды. Біріншіден, «қандастардың» елге қайтып оралу себептері, азаматтық алу, елге бейімделу, білім алу, әлеуметтік

жағдайларын БАҚ беттерінде сауатты көрсету арқылы қоғамдағы қалыптасқан жағымсыз стереотиптерді бұзуға, «қандастар» мәселесін көрсете отырып, олардың әлеуметтік өзекті мәселелерін шешуге ықпал етуге болады. Екіншіден, «қандастар» өздері бастан кешірген қиындықтары мен бейімделуі туралы оқиғаларды баяндау арқылы өзге «қандастарға» пайдалы ақпараттар береді. Иммигрант-репатрианттардың тәжірибесін атап өту арқылы БАҚ өкілдері зиянды стереотиптерді жоюға және түсіндіріліп пен эмпатияны дамытуға көмектеседі.

Үшіншіден, БАҚ өкілдері иммигранттарға өз оқиғалары мен перспективаларын аудиториямен кеңірек бөлісуге мүмкіндік беру арқылы «қандастардың» өз үнін естіртуіне көмектеседі. Бұл өзін маргинал сезінетін «қандастарға» қуат береді.

*Президент Қ.К.Тоқаев «Егемен Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Соңғы жылдарда түрлі себепке байланысты бәсеңдеп қалған «қандастар» көшін барынша қолдап, оларды солтүстік және шығыс өңірлерге ор-*

*наластыруды жандандырамыз» – деген еді. Алайда көші-қон үдерісіне байланысты орын алған мәселе көп. Бұл туралы БАҚ-та жиі жазылып, азаматтық алудың машақаттары, жинайтын құжаттардың көптігі, бәрінің қаржыға келіп тірелетіндігі, арнайы квотамен қоныстандырылған «қандастарға» берілген үйлердің сапасыздығы, несие алудағы қиындықтар тілге тиек етіледі.*

БАҚ жарияланымдары мен әлеуметтік желі материалдарын сараптай отырып, көбінесе «қандастардың» әлеуметтік жағдайы қозғалатындығын аңғардық. Материалдар статистика мен деректерге негізделеді. Әлеуметтік желі материалдарынан қақтығыстар жағдайында мигранттардың жағымсыз бейнесі көрініс табатындығын байқадық.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (Грант АР09260297 «Қазақстандағы «қандас»тар мен мигранттарды ақпараттық қолдау және әлеуметтік бейімдеудің медиа-стратегиясы») қаржыландырады.*

#### Әдебиеттер

Әлжанова А.Б. (2020) Еңбек миграциясы және БАҚ. Журналистика сериясы, [S.l.], v. 37, n. 1, p. 132-136, June. ISSN 2617-7978.

Байқожа Ж. (2022) Кеңес оралмандары: КСРО Қытайдағы қазақтарды қалай қайтарды. QMonitor. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: <https://qmonitor.kz/society/4434>

Бассарова Д. (2023) 2023 жылдың басынан бері 3 мыңнан астам этникалық қазақ «қандас» мәртебесін алды. курсив. 2023. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: <https://kz.kursiv.media/2023-03-13/labs-kandasy-rk2/>

Жаңаберген Б. (2022) Қазақстандағы ең атақты оралмандар олар кімдер? QMonitor. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: <https://qmonitor.kz/society/4449>

Лаханұлы Н. (2019) «Оралман» сөзін «қандас» деп өзгертпек. Шеттен келгендер мен сарапшылар пікірі. 13 желтоқсан. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-what-to-call-the-kazakh-repatriates-oralman-or-kandas/30323177.html>

Лаханұлы Н. (2022) «Переехал ради детей». Репатрианты из Синьцзяна неохотно говорят о «лагерях перевоспитания». [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://rus.azattyq.org/a/31822246.html>

Лаханұлы Н. (2021) «Родственники плачут и умоляют забрать их». Всё больше афганских казахов просят о помощи. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://rus.azattyq.org/a/afghan-kazakhs-urge-to-evacuate-them-from-the-country/31459134.html>

Маханов Б. (2023) Миграционные качели. Прибывших в Казахстан стало больше, выбывших – меньше. QMonitor. 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://qmonitor.kz/economics/4867>

Муканова З. (2023) Скотоводство и взаимопомощь: чем занимаются «қандасы» на юго-востоке Казахстана? Vlast.kz. 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://vlast.kz/obsshestvo/54306-skotovodstvo-i-vzaimopomos-cem-zanimautsa-kandasy-na-ugo-vostoke-kazahstana.html>

Негизбаева М.О.; Дудинова Е.И. Локализация образовательной миграции в контексте адаптивной функции медиа. Серия Журналистики, [S.l.], v. 68, n. 2, p. 59-70, June 2023. ISSN 2617-7978. doi: <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.06>

Dixon, T. L. (2008) Crime News and Racialized Beliefs: Understanding the Relationship Between Local News Viewing and Perceptions of African Americans and Crime. Journal of Communication, 58(1), 106–125. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.2007.00376.x>

Heb, C. (2011) What Can Co-Ethnic Immigrants Tell Us About Ethnic Visions of the National Self? Journal of Comparative Research in Anthropology & Sociology. 2 (1): 103-133.

Herda D.(2010) How many immigrants? Foreign-born population innumeracy in Europe. *Public Opinion Quarterly*. 74(4): 674-695.

Ho J. (2013) Do national feelings influence public attitudes towards immigration? *J. Ethn. Migr. Stud.* 39(9): 1461-77.

Kazakhstan Today.(2022) В Алматы «кандасов» подозревают в организации финпирамиды. [Электронный ресурс] Режим доступа: [https://www.kt.kz/rus/crime/v\\_almaty\\_kandasov\\_podozrevayut\\_v\\_organizatsii\\_finpiramidy\\_1377940149.html](https://www.kt.kz/rus/crime/v_almaty_kandasov_podozrevayut_v_organizatsii_finpiramidy_1377940149.html)

Kim K.C. (1999) *Koreans in the hood: conflict with African Americans*, JHU Press.. ISBN 978-0-8018-6104-8

Lippmann, W. (1997) *Public Opinion*. Free Press, New York/London.

Petty, Richard E; Cacioppo, John T. (1986) “The elaboration likelihood model of persuasion”. 1986. *Advances in Experimental Social Psychology*: 124–125.

The Norman Lear Center. (2018) *Immigration Nation. Exploring Immigrant Portrayals on Television*. <https://defineamerican.com/research/immigration-nation/>

Transatlantic Trends. (2014) *Transatlantic Trends: Mobility, Migration and Integration*. German Marshall Fund of the United States.

Такенов Д. (2023) Дилемма Казахстана: как балансировать между этнической и гражданской моделью идентичности? *САВАР.asia*. [Электронный ресурс] Режимдоступа: <https://cabar.asia/ru/dilemma-kazahstana-kak-balansirovat-mezhdu-etnicheskoj-i-grazhdanskoj-modelyu-identichnosti>

Халдарова, Д. (2023) На павлодарку завели уголовное дело за оскорбление «кандасов». [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6392372-na-pavlodarku-zaveli-ugolovnoe-delo-za-oskorblenie-kandasov.html>

Vlast.kz. (2023) В Казахстане законодательнов вели термин «кандас» вместо «оралман». 2023. [Электронды ресурс] Режим доступа: <https://vlast.kz/novosti/39545-v-kazahstane-zakonodatelno-vveli-termin-kandas-vmesto-oralman.html>

Inbusiness.kz.(2020) [Электронды ресурс] <https://inbusiness.kz/kz/news/kandas-sozinen-bas-tartu-usynyldy>

Қазақстанда жыл сайын құлдықтан 100-ден астам адам құтқарылады. [Электронды ресурс] <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/shyndyk-kazahstanda-zhyl-sajyn-kuldyktan-100-den-astam-adam-kutkarylady/>

Оралмандар сатқын ба? [Электронды ресурс] <https://www.facebook.com/FreeKazakhs/posts/pfbid0HM2Q6tECJ8FPqsrRGJmLP1JgrV199Nb99FgCnDrbjcJL1gJepiGERjAeyfTQAqFAI>

Шетелдегі кандас қазақ баласын Қазақстанға қалай тарта аламыз? / Отандастар қоры ояу ма? [Электронды ресурс] <https://www.youtube.com/watch?v=WUMOOcr4-qk>

Ауғанстанда көп қазақ қалды. [Электронды ресурс] <https://sputnik.kz/society/20210923/18209854/Auganstan-kandastar-akmola.html>

Атажұртқа оралған қандастар қай жерге орналасты. [Электронды ресурс] <https://sputnik.kz/society/20220114/19143465/kandastar-resmi-malimet.html>

Ираннан Қазақстанның солтүстігіне қоныс аударған қандастар көмек сұрап жатыр [Электронды ресурс] <https://sputnik.kz/regions/20211002/18297744/Iran-qandastar-komek.html>

Закон.кз[Электронды ресурс] <https://www.zakon.kz.4498918-v-almaty-mnogo-priezzhihk-kotorye.html/>

## Литература

Альжанова А.Б. Трудовая миграция и СМИ. Серия Журналистики, [S.I.], v. 37, n. 1, p. 132-136, June 2020. ISSN 2617-7978.

Байхожа Ж. Советские оралманы: как СССР возвращал казахов из Китая. *QMonitor*. 2022.[Электронныйресурс] Режим доступа: <https://qmonitor.kz/society/4434>

Бассарова, Д. Более 3 тыс. этнических казахов получили статус «кандаса» с начала 2023 года. *Курсив*. 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://kz.kursiv.media/2023-03-13/lbsb-kandasy-rk2/>

Жанаберген, Б. Кто они, самые известные в Казахстане оралманы? *QMonitor*. 2022.[Электронныйресурс] Режим доступа: <https://qmonitor.kz/society/4449>

Лаханулы Н. «Переехал ради детей». Репатрианты из Синьцзяна неохотно говорят о «лагерях перевоспитания». 2022. [Электронныйресурс] Режим доступа:<https://rus.azattyq.org/a/31822246.html>

Лаханулы Н. «Родственники плачут и умоляют забрать их». Всё больше афганских казахов просят о помощи. 2021.[Электронныйресурс] Режим доступа:<https://rus.azattyq.org/a/afghan-kazakhs-urge-to-evacuate-them-from-the-country/31459134.html>

Маханов, Б. Миграционные качели. Прибывших в Казахстан стало больше, выбывших – меньше. *QMonitor*. 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://qmonitor.kz/economics/4867>

Муканова, З. Скотоводство и взаимопомощь: чем занимаются «кандасы» на юго-востоке Казахстана? *Vlast.kz*. 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://vlast.kz/obshestvo/54306-skotovodstvo-i-vzaimopomos-cem-zanimautsakan-dasy-na-ugo-vostoke-kazahstana.html>

Негизбаева М.О.; Дудинова Е.И. Локализация образовательной миграции в контексте адаптивной функции медиа. Серия Журналистики, [S.I.], v. 68, n. 2, p. 59-70, June 2023. ISSN 2617-7978. doi: <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.06>

Такенов Д. Дилемма Казахстана: как балансировать между этнической и гражданской моделью идентичности? *САВАР.asia*. 2023. [Электронныйресурс] Режимдоступа: <https://cabar.asia/ru/dilemma-kazahstana-kak-balansirovat-mezhdu-etnicheskoj-i-grazhdanskoj-modelyu-identichnosti>



- Халдарова, Д. На павлодарку завели уголовное дело за оскорбление «кандас»-ов. 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6392372-na-pavlodarku-zaveli-ugolovnoe-delo-za-oskorblenie-kandasov.html>
- Dixon, T. L. Crime News and Racialized Beliefs: Understanding the Relationship Between Local News Viewing and Perceptions of African Americans and Crime. *Journal of Communication*, 2008, 58(1), 106–125. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.2007.00376.x>
- Heb, C. What Can Co-Ethnic Immigrants Tell Us About Ethnic Visions of the National Self? *Journal of Comparative Research in Anthropology & Sociology*. 2011. 2 (1): 103-133.
- Herda, D. How many immigrants? Foreign-born population innumeracy in Europe. *Public Opinion Quarterly*. 2010. 74(4): 674-695.
- Ho, J. Do national feelings influence public attitudes towards immigration? *J. Ethn. Migr. Stud.* 2013. 39(9): 1461-77.
- KazakhstanToday. В Алматы «кандас»-ов подозревают в организации финпирамиды. 2022. [Электронный ресурс] Режим доступа: [https://www.kt.kz/rus/crime/v\\_almaty\\_kandasov\\_podozrevayut\\_v\\_organizatsii\\_finpiramidy\\_1377940149.html](https://www.kt.kz/rus/crime/v_almaty_kandasov_podozrevayut_v_organizatsii_finpiramidy_1377940149.html)
- Kim, K.C. *Koreans in the hood: conflict with African Americans*, JHU Press. 1999. ISBN 978-0-8018-6104-8
- Lippmann, W. *Public Opinion*. Free Press, New York/London. 1997.
- Petty, Richard E; Cacioppo, John T. “The elaboration likelihood model of persuasion”. 1986. *Advances in Experimental Social Psychology*: 124–125.
- The Norman Lear Center. *Immigration Nation. Exploring Immigrant Portrayals on Television*. 2018. <https://defineamerican.com/research/immigration-nation/>
- Transatlantic Trends. *Transatlantic Trends: Mobility, Migration and Integration*. German Marshall Fund of the United States. 2014
- Vlast.kz.(2023) В Казахстане законодательно ввели термин ««кандас»» вместо «оралман». 2023. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://vlast.kz/novosti/39545-v-kazahstane-zakonodatelno-vveli-termin-kandas-vmesto-oralman.html>
- Inbusiness.kz,(2020) [Электронный ресурс] <https://inbusiness.kz/kz/news/kandas-sozinen-bas-tartu-usynyldy>
- Қазақстанда жыл сайын құлдыктан 100-ден астам адам құтқарылады. [Электронный ресурс] <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/shyndyk-kazakstanda-zhyl-sajyn-kuldyktan-100-den-astam-adam-kutkarylady/>
- Оралмандар сатқын ба? [Электронный ресурс] <https://www.facebook.com/FreeKazakhs/posts/pfbid0HM2Q6tECJ8FPqsrRGJmLP1JgrV199Nb99FgCnDrbjcL1gJeriGERjAeyfTQAqFAI>
- Шетелдегі кандас қазақ баласын Қазақстанға қалай тарта аламыз? / Отандастар қоры ояу ма? [Электронный ресурс] <https://www.youtube.com/watch?v=WUMOOCr4-qk>
- Ауғанстанда көп қазақ қалды. [Электронный ресурс] <https://sputnik.kz/society/20210923/18209854/Auganstan-kandastar-akmola.html>
- Атажұртқа оралған қандастар қай жерге орналасты. [Электронный ресурс] <https://sputnik.kz/society/20220114/19143465/kandastar-resmi-malimet.html>
- Ираннан Қазақстанның солтүстігіне қоныс аударған қандастар көмек сұрап жатыр [Электронный ресурс] <https://sputnik.kz/regions/20211002/18297744/Iran-qandastar-komek.html>
- Закон.кз [Электронный ресурс] <https://www.zakon.kz.4498918-v-almaty-mnogo-priezzhihk-kotorye.html/>

## References

- Alzhanova A.B. *Trudovayamigratsiyai SMI. [Labor migration and the media]. Journalism Series, [S.l.], v. 37, no. 1, p. 132-136, June 2020. ISSN 2617-7978.*
- BaykhozhaZH. *Sovetskiyeoralmany: kakSSSRvozvrashchalkazakhovizKitaya. [Soviet oralmans: how the USSR returned Kazakhs from China] QMonitor. 2022. [Electronic resource] Access mode: <https://qmonitor.kz/society/4434>*
- Bassarova, D. *Boleye 3 tys. etnicheskikhkazakhopoluchili status kandas s nachala 2023 goda. [More than 3 thousand ethnic Kazakhs have received kandas status since the beginning of 2023.] Kursiv. 2023. [Electronic resource] Access mode: <https://kz.kursiv.media/2023-03-13/lbs-kandasy-rk2/>*
- Zhanabergen, B. *Ktooni, samyeizvestnyye v Kazakhstaneoralmany? [Who are they, the most famous oralmans in Kazakhstan?] QMonitor. 2022. [Electronic resource] Access mode: <https://qmonitor.kz/society/4449>*
- Dixon, T. L. Crime News and Racialized Beliefs: Understanding the Relationship Between Local News Viewing and Perceptions of African Americans and Crime. *Journal of Communication*, 2008, 58(1), 106–125. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.2007.00376.x>
- Heb, C. What Can Co-Ethnic Immigrants Tell Us About Ethnic Visions of the National Self? *Journal of Comparative Research in Anthropology & Sociology*. 2011. 2 (1): 103-133.
- Herda, D. How many immigrants? Foreign-born population innumeracy in Europe. *Public Opinion Quarterly*. 2010. 74(4): 674-695.
- Ho, J. Do national feelings influence public attitudes towards immigration? *J. Ethn. Migr. Stud.* 2013. 39(9): 1461-77.
- Kazakhstan Today. *V Almaty kandasovpodozrevayut v organizatsiifinpiramidy.[In Almaty, Kandas are suspected of organizing a financial pyramid]. 2022. [Electronic resource] Access mode: [https://www.kt.kz/rus/crime/v\\_almaty\\_kandasov\\_podozrevayut\\_v\\_organizatsii\\_finpiramidy\\_1377940149.html](https://www.kt.kz/rus/crime/v_almaty_kandasov_podozrevayut_v_organizatsii_finpiramidy_1377940149.html)*

Khaldarova, D. Na pavlodarkuzaveliugolovnoyedelo za oskorbleniyekandasov. [A criminal case was opened against Pavlodar for insulting the Kandas]. 2023. [Electronic resource] Access mode: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6392372-na-pavlodarku-zaveliugolovnoe-delo-za-oskorblenie-kandasov.html>

Kim, K.C. Koreans in the hood: conflict with African Americans, JHU Press. 1999. ISBN 978-0-8018-6104-8

Lakhanuly, N. “Pereyexhalradidety”. RepatriantyzSin’tsyananeokhotnogovoryat o «lageryakhperevospitaniya. [“I moved for the sake of the children.” Repatriates from Xinjiang reluctant to talk about ‘re-education camps’]. Radio Azattyq. 2022. [Electronic resource] Access mode: <https://rus.azattyq.org/a/31822246.html>

Lakhanuly N. “Rodstvennikiplachutiumolyayutzabrat’ ikh”. Vsobol’sheafganskikhkazakhovprosyat o pomoshchi[“The relatives are crying and begging to be taken away.” More and more Afghan Kazakhs are asking for help]. 2021. [Electronic resource] Access mode: <https://rus.azattyq.org/a/afghan-kazakhs-urge-to-evacuate-them-from-the-country/31459134.html>

Lippmann, W. Public Opinion. Free Press, New York/London. 1997.

Makhanov, B. Migratsionnyekacheli. Pribyvshikh v Kazakhstan stalobol’she, vybyvshikh – men’she. [Migration swings. There were more arrivals to Kazakhstan, fewer departures]. QMonitor. 2023. [Electronic resource] Access mode: <https://qmonitor.kz/economics/4867>

Mukanova, Z. Skotovodstvoivzaimopomoshch’: chem zanimayutsyakandasynayugo-vostokeKazakhstana? [Cattle breeding and mutual assistance: what do kandas do in southeast Kazakhstan?] Vlast.kz. 2023. [Electronic resource] Access mode: <https://vlast.kz/obshestvo/54306-skotovodstvo-i-vzaimopomos-cem-zanimautsa-kandasy-na-ugo-vostoke-kazakhstana.html>

Negizbayeva, M. O.; Dudinova, E. I. Lokalizatsiyaobrazovatel’noymigratsiivkontekststeadaptivnoyfunksiiimedia. [Localization of educational migration in the context of the adaptive function of media]. Серия Журналистики, [S.I.], v. 68, n. 2, p. 59-70, June 2023. ISSN 2617-7978. doi: <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.06>.

Petty, Richard E; Cacioppo, John T. “The elaboration likelihood model of persuasion”. 1986. Advances in Experimental Social Psychology: 124–125.

Takenov D. Dilemma Kazakhstana: kakbalansirovat’ mezhduechnicheskoyigrzhdanskoymodel’yuidentichnosti? [The dilemma of Kazakhstan: how to balance between the ethnic and civic models of identity?] CABAR.asia. 2023. [Electronic resource] Access mode: <https://cabar.asia/ru/dilemma-kazakhstana-kak-balansirovat-mezhdu-etnicheskoy-i-grazhdanskoj-modelyu-identichnosti>

The Norman Lear Center. Immigration Nation. Exploring Immigrant Portrayals on Television. 2018. <https://defineamerican.com/research/immigration-nation/>

Transatlantic Trends. Transatlantic Trends: Mobility, Migration and Integration. German Marshall Fund of the United States. 2014

Vlast.kz. V Kazakhstanzakonodatel’novvelitermin «kandas» vmesto «oralman». [In Kazakhstan, the term “kandas” was introduced by law instead of “oralman”]. 2023. [Electronic resource] Access mode: <https://vlast.kz/novosti/39545-v-kazakhstane-zakonodatelno-vveli-termin-kandas-vmesto-oralman.html>

Inbusiness.kz.(2020) [Electronic resource] <https://inbusiness.kz/kz/news/kandas-sozinen-bas-tartu-usynyldy>

More than 100 people are saved from slavery in Kazakhstan every year. [Electronic resource] <https://factcheck.kz/kaz/bastybet1/shyndyk-kazakstanda-zhyl-sajyn-kuldyktan-100-den-astam-adam-kutkarylady/>

Are «oralmans» traitors? [Electronic resource] <https://www.facebook.com/FreeKazakhs/posts/pfbid0HM2Q6tECJ8FPqsrRGJmLP1JgrV199Nb99FgCnDrbcjL1gJepiGERjAeyfTQAqFAI>

How can we attract Kazakh children from abroad to Kazakhstan? / Is the “Otandastar” fund awake? [Electronic resource] <https://www.youtube.com/watch?v=WUMOOcr4-qk>

Many Kazakhs remained in Afghanistan. [Electronic resource] <https://sputnik.kz/society/20210923/18209854/Auganstan-kandastar-akmola.html>

Where did the “kandastar” who returned to Motherland settle? [Electronic resource] <https://sputnik.kz/society/20220114/19143465/kandastar-resmi-malimet.html>

“Kandastar” who migrated from Iran to the north of Kazakhstan are asking for help [Electronic resource] <https://sputnik.kz/regions/20211002/18297744/Iran-qandastar-komek.html>

Закон.кз[Electronic resource] <https://www.zakon.kz.4498918-v-almaty-mnogo-priezzhihk-kotorye.html/>